

Сұлукөл ЖОББМ

Тамақтану сапасына тексеру жүргізу жөніндегі бракераж комиссиясы отырысының
№1 хаттамасы

Қатысқаны: 6 адам

04 қыркүйек 2023 жыл

Күн тәртібінде:

1. Комиссия мүшелерінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту
Утегенова А Мектеп директоры
2. Мектептің ас блогы мен асхананың жаңа оқу жылының басталуына дайындығы туралы
3. Ас блогы қызметкерлерінің санитарлық кітапшаларының болуы
Калжанова Ф.Л Мектеп медбикесі

Тыңдалды:

1. Мектеп директоры, бракераж комиссиясы төрайымы Утегенова А. сөз алды: 2023-2024 оқу жылындағы бракераждық комиссия құрамын бекітіп, жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды. Бракераждық комиссия құру туралы № 76 н/к 04.09.2023 жылғы бұйрығымен таныстырды. Тамақтану кезінде бракераждық комиссия қызметінің міндеттерімен таныстырды:

Күн сайын мектеп медбикесі:

- Тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналына жазба енгізіп, дайын тағамдардың сапасына бағалау жүргізеді.

Комиссия күн сайын:

- Пайдаланылатын тамақ өнімдерінің сапасына бақылауды жүзеге асырады, мәзірдің дұрыс жасалуын бақылауды жүзеге асырады, тамақтану сапасының мониторингі актісін рәсімдей отырып, ас блогы қызметкерлеріне ескертусіз тамақтану сапасын тексеруді жүзеге асырады. Төксан сайын комиссия жұмысының қорытындысы білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде қаралып, интернет ресурстарына орналастырылады. Әр жылдың қаңтар, мамыр айларында комиссия қызметінің қорытындысы жалпы ата -аналар жиналасында қаралады.

2. Калжанова Ф.Л Мектеп медбикесі:

Мектептің ас блогы мен асхананың жаңа оқу жылының басталуына дайындығы туралы айтты. Мектепте ыстық тамақты ұйымдастыру ИП Кеншинбаева жауапты.

3. Мектеп медбикесі жалғастырды: Ас блогының қызметкерлерінің санитарлық кітапшаларының тексерілгені туралы айтты. Аспазшы Абдирова Галинада санитарлық кітапшасы бар, талапқа сай.

Шешім:

1. Бракераждық комиссия қызметінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Мектептің ас блогы мен асханасының жаңа оқу жылына дайындығын ескере отырып, оқушыларға ыстық тамақ берілуі ұйымдастырылсын.
3. Ас блогы қызметкерлерінің санитарлық кітапшалары бар екені ескерілсін.

Төрайымы:

Утегенова А

Хатшысы:

Жубатканова Н.К